



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ТҰҢҒЫШ ПРЕЗИДЕНТІНІҢ ҚОРЫ
ФОНД ПЕРВОГО ПРЕЗИДЕНТА РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
THE FOUNDATION OF THE FIRST PRESIDENT OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

**Весенняя сессия молодых ученых социологов и
социальных работников Казахстана**

«НАУКА И ИННОВАЦИИ

МОЛОДЫХ УЧЕНЫХ:

ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫЕ СТРАТЕГИИ»

УДК 001(082)
ББК 72
В 38

ГЛАВНЫЙ РЕДАКТОР:

АБДИРАЙЫМОВА Г.С. – член Совета молодежной политики при Фонде Первого Президента Республики Казахстан - Лидера Нации, доктор социологических наук, профессор кафедры социологии и социальной работы КазНУ им. аль-Фараби

ОТВЕТСТВЕННЫЙ РЕДАКТОР:

АМИТОВ С.А. – кандидат социологических наук, доцент кафедры социологии и социальной работы КазНУ им. аль-Фараби

АЛТЫНБЕКОВ А.Б. – докторант PhD кафедры социологии и социальной работы КазНУ им. аль-Фараби

В 38	Весенняя сессия молодых ученых социологов и социальных работников Казахстана «Наука и инновации молодых ученых: образовательные стратегии»: <i>Сб. статей.</i> (г. Алматы, 22 мая 2015 г.). – Алматы, 2015. – 218 с. – Каз., рус. ISBN 978-601-250-262-6
-------------	---

В настоящий сборник вошли материалы Весенней сессии молодых ученых социологов и социальных работников «Наука и инновации молодых ученых: образовательные стратегии» (г. Алматы, 22 мая 2015 года).

Материалы предназначены для молодых ученых, исследователей, преподавателей, студентов и аспирантов, интересующихся проблемами развития современного общества.

УДК 001(082)

ББК 72

ISBN 978-601-250-262-6

© «Фонд Первого Президента Республики Казахстан – Лидера Нации», 2015

СОДЕРЖАНИЕ	
Абдирайымова Г.С., Шнарбекова М.К. ЦЕННОСТИ МОЛОДЕЖИ: ЧТО МЫ ЗНАЕМ О НИХ? (по результатам социологических исследований)	6
Аманкулова А., Жаназарова З.Ж. КИНО КАК СОЦИАЛЬНЫЙ ИНСТИТУТ	12
Абдимаева А., Мямешева Г.Х. СИМВОЛИЗМ ЗООМОНИМОВ И ЗООМОРФИЗМОВ В ПЕРЕВОДЕ	17
Анетқызы Аяулым., Садырова М.С. ӘЛЕУМЕТТІК ЖҰМЫСТЫҢ БҮГІНІ МЕН ЕРТЕҢІ	21
Абейбекова Г., Мямешева Г.Х. ФЕНОМЕН ОБЩЕСТВЕННОГО МНЕНИЯ	24
Андросенко Е., Мямешева Г.Х. СОВРЕМЕННЫЙ МАРКЕТИНГ: СТАВКА НА БЕССОЗНАТЕЛЬНОЕ	28
Әлдибай И.Қ. ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ АРНАЙЫ ӘЛЕУМЕТТІК МЕКЕМЕЛЕРДІҢ СИПАТТАМАСЫ	31
Байгереева Ә.С., Шеденова Н.У. ТҰРҒЫНДАРДЫҢ СЕЙСМИКАЛЫҚ САУАТТЫЛЫҒЫ ҚАУІПСІЗДІКТІҢ КЕПІЛІ РЕТІНДЕ	36
Байсалбаева Б.А., Карасева Н.В. КАЗАХСТАНСКАЯ МОЛОДЕЖЬ В СОВРЕМЕННОМ ПОЛИТИЧЕСКОМ ПРОЦЕССЕ: ПРОБЛЕМЫ ПОЛИТИЧЕСКОЙ СОЦИАЛИЗАЦИИ И УЧАСТИЯ	41
Бейсенбекова Т.А., Мамытқанов Д.Қ. АЛМАТЫ ҚАЛАСЫНДАҒЫ ҚАРТТАРДЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК БЕЛСЕНДІЛІГІ	47
Болат Ж., Султанова М.А. ЖОҒАРҒЫ ОҚУ ОРНЫНДАҒЫ БОЛАШАҚ ЖАС МАМАНДАРДЫҢ КӘСІБИ ҚҰЗІРЕТТІЛІГІН АРТТЫРУ ЖОЛДАРЫ	52
Бейсенова А.А. РОЛЬ ОБРАЗОВАНИЯ В ВОСПРОИЗВОДСТВЕ КАДРОВОГО ПОТЕНЦИАЛА КАЗАХСТАНА	56
Бектлеуова Ә.А., Авсыдыкова Қ.А. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ КӨПБАЛАЛЫ ОТБАСЫЛАРҒА КӨРСЕТІЛЕТІН АТАУЛЫ КӨМЕК	59
Бурханова Д.К. ОБРАЗОВАНИЕ И «СРЕДНИЙ КЛАСС» В КАЗАХСТАНЕ: НОВЫЕ ДОСТИЖЕНИЯ И РЕАЛИИ	63
Бисултанова Ж.Е. КОНКУРЕНТОСПОСОБНОСТЬ ВЫПУСКНИКА ВУЗА КАК ВАЖНЕЙШИЙ ЭЛЕМЕНТ В ПОСТРОЕНИИ КАЧЕСТВЕННО НОВОЙ СИСТЕМЫ ОБРАЗОВАНИЯ	67
Болат Ж. ЖЕТІМ БАЛАЛАРМЕН ӘЛЕУМЕТТІК ЖҰМЫСТА АРТ-ТЕРАПИЯНЫҢ ИЗОТЕРАПИЯЛЫҚ БАҒЫТЫНЫҢ ҚОЛДАНЫЛУЫ (АЛМАТЫ ҚАЛАСЫ №1 БАЛАЛАР ҮЙІ НЕГІЗІНДЕ)	70
Бурханова Д.К., Серикжанова С.С. ИНТЕГРАЦИЯ КАЗАХСТАНА В ЕДИНОЕ ЕВРОПЕЙСКОЕ ОБРАЗОВАТЕЛЬНОЕ ПРОСТРАНСТВО	76
Дамысбек Ж., Кенжакимова Г.А. СТУДЕНТТЕРДІҢ ОҚУ ІС-ӘРЕКЕТ МОТИВАЦИЯСЫН ӘЛЕУМЕТТІК ТАЛДАУ	80
Жақыпбек А.А., Қадыр Д.Қ. ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫ СТУДЕНТ ЖАСТАРЫНЫҢ ӘЛЕУМЕТТЕНУІНЕ ӘЛЕУМЕТТІК КОММУНИКАЦИЯНЫҢ ӘСЕРІ: ӘЛЕУМЕТТАНУЛЫҚ ТАЛДАУ (ӨЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗҰУ СТУДЕНТТЕРІ НЕГІЗІНДЕ)	84
Жалғасұлы А., Садырова М.С. СРАВНИТЕЛЬНЫЙ АНАЛИЗ ОТЕЧЕСТВЕННЫЙ И ЗАРУБЕЖНЫЙ ОПЫТ ПРОФИЛАКТИКИ АЛКОГОЛИЗМА СРЕДИ МОЛОДЕЖИ	89
Жарменова А.Қ., Жаназарова З.Ж. ӘЛЕУМЕТТІК ИНТЕГРАЦИЯДАҒЫ ЗАҒИП МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРДЫҢ ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ АЛУЫ	94
Джанегизова У.С., Жолдасова М.К. ҚАЗАҚСТАН ҚОҒАМЫНДАҒЫ ЕРЕКШЕ БАЛАЛАР ЖАҒДАЙЫ	99
Жолдасханова М.Б., Абдирайымова Г. С. ӘЛЕУМЕТТІК ЖҰМЫСТАҒЫ	102

Джанегизова У.С.,
Әл-Фараби ат. ҚазҰУ
аймақтану мамандығының 2 курс студенті
Жолдасова М.К.

Әл-Фараби ат. ҚазҰУ жалпы және этникалық
психология кафедрасының доцент м.а., PhD доктор

ҚАЗАҚСТАН ҚОҒАМЫНДАҒЫ ЕРЕКШЕ БАЛАЛАР ЖАҒДАЙЫ

Қазіргі таңда Қазақстан алдыңғы қатарлы мемлекеттер тізбегінде орын алуда. Қарқынды дамып жатқан елімізде аутизм дерті де өкінішке қарай айналып өтпеді. Өз кезегімде аутист балаларды дертке ұшыраған қоғам өкілдері деп есептемеймін, мен оларды ерекше балалар деп қабылдаймын. Аутизмның еліміздегі салыстырмалы тұрғыда жаңа термин болғанына байланысты, алдымен оның анықтамасы мен тарихын қарастырып өтсек.

Аутизм - бала дамуындағы ауытқушылықтың ауыр түрі, ол әлеуметтік ортамен қарым-қатынастың жоқтығын білдіреді. Симптом ретінде аутизм көптеген психикалық ауруларда кездеседі, бірақ кейбір жағдайларда ерте жастан байқалып, бала дамуына кері әсерін тигізеді. Бұл жағдайды ерте балалық аутизм (БЕА) синдромы дейді. Ол болса психикалық даму зақымдалуының бір нұсқасы ретінде қарастырылады. Сонымен қатар бала бойында аутизмнің кейбір клиникалық көріністері байқалса, оны аутистикалық тұлғалық қасиеттер деп атайды. Нақты симптом ретінде 2-3 жасқа қарай қалыптасуы мүмкін. Ең алғаш аутизм деген терминді 1912 жылы швейцар психиатры Э.Блейлер ұсынған. Аутизм ауруын бірінші ашып зерттеген Америка психиатры – Лео Каннер. Қазіргі уақытта аутизмнің нақты себептері анық зерттелмеген. Көп ғалымдардың деректері бойынша аутизммен ауырған балалардың себебі орталық жүйке жүйесінің бұзылуы салдарынан болады. Тұқымқуалаушылық фактордың әсері екенін көптеген зерттеушілер мойындайды. Сонымен бірге мидың органикалық зақымдалуы да аутист балаларда жиі кездеседі. Тұқымқуалаушылық хромосомалық өзгерістер, зат алмасу өзгерістері, анасы жүкті және туу кезінде алған жарақаттар, нейροинфекциялар, зат алмасу процестерінің бұзылуы, организмде ауыр металдар тұздарының жиналуы, әсіресе сынаптың, т.б. барлығы да жағымсыз әсер ету мүмкіндігі бар. Аутизм саласындағы ең соңғы жаңалық ретінде, дәл осы сынап тұзы мен ауыр металдар бар егудің осы патологияның дамуына әсері туралы ғалымдардың пайымдауы болды [1].

Ерте жасында, аутист бала - ерке, тәртіпсіз сияқты әсер береді, бірақ диагнозды ерте анықтай отырып, ерте емдесе баланы жазып алуға болады. Көбінесе, аутист бала ешкіммен араласпайды және тұйық болады. Тұрақты қорқыныштары пайда болып тұрады, өзіне-өзі агрессиялы, қол жұмсағысы келуі де мүмкін. Бала өскен сайын сөйлеу мен зият (интеллекісі) дамуы төмендейді. Аутист балалардың назарын адамға, басқа нысанға аудару және бірнәрсе үйрету қиын. Дегенмен, ерекше туылған балалардың барлығында дерлік бұл қасиеттер кездеспейді. Әр аутист баланың - өзіндік ерекшеліктері мен айырмашылықтары бар. Мысалға, бір балада қоғаммен қатынасы мүлдем болмайды және ол бұл кемшілікті түзеуге тырыспайды, ал келесі баланы көргенде сіз тіпті оның аутист екеніне сенбеуіңіз де мүмкін, себебі ол сырт көзге өз жасына сай қалыпты қоғам мүшесі ретінде қабылданады. Дегенмен де, ғылыммен белгіленген шеңберде, аутист балаларды 4 топқа бөлуге болады:

1. Аурудың ауыр көрінісімен сипатталатын топтағы балалар безүшілік, ортадан оқшаулау, ешнәрсеге көңіл аудармауымен ерекшеленеді, көп уақытта түңіледі. Мұндай балалар сөйлемейді, адамдарға, адамның көзіне және бірнәрсеге көзін тікпейді, күлмейді, жыламайды. Атын атап шақырғанда үндемей, дыбыс шығармай, ешқандай реакция білдірмейді. Олар бір жері ауырып жарақаттанса, қарындары ашып, тоңғанды сезбейді. Үй ішінде бағытсыз ары-бері жүреді, жиһаздардың үстіне шығады, терезенің алдында бірнеше сағаттар бойы отыра береді. Үлкен адам мұндай баланың назарын аударайын деп тырысқан

жағдайда, бала айқайлайды, жылайды, төбелеседі, түкіреді, тырнайды, яғни қатты қарсы көрсетеді.

2. Бұл топтың балалары адамның көзіне тіке қарамайды, басқа нәрселерге де көзін қадап, бағытты түрде қарай алмайды, бірақ белгілі нәрселердің өздері (өздерінің тұрдыбысы мен сыртқы пішінімен) балалардың назарын өздеріне аудартқызады. Мысалы: кінемесе алаша біткенше жүре береді. Ал бір нәрсе керек болса, олар үлкен адамды ер апарып, керекті нәрсеге қолын салады.

3. Балалар аздап белсенді, олар қоршаған ортадан толық безбеген. Бетінде қорқып бар, кимылдары еркін емес, сөздері түсініксіз, бір сөзді қайталай береді, күрмеліп сөйлей кимылдары импульсивті, яғни отырып-отырып аяқасты жүгіріп кетеді, өзін-өзі жарақаттай. Бұл топтағы балалар өте дауласқыш, еш өкінбейді, бәрін керісінше жасайды. Бала ө ұрысканды қалайды, тек өзі сөйлейді, ешкімді тындамайды, сөйлеткізбейді. Сөйлегені жылдам, дыбысы қатты. Сөзі – монолог түрінде. Кейде ересек адам сияқты, күрделі сөздер сөйлейді, бірақ мағынасын түсінбейді. Сөз қоры жақсы, бірақ та диалог құрастыра алмайды.

4. Бұл балаларда аутизмнің жеңіл түрі. Балалардың мимикасы шектеулі, алаңдау болып келеді, сондықтан сөздері жай, көздеріне қарай алады, бірақтан тұрақсыз. Олар ұялы жасқаншақ болып келеді. Сонымен қатар, бұл балалар өтірік айту, алдауды мүлдем білме [2, 3].

Тек Қазақстан қоғамына ғана емес, посткеңестік аймақтар үшін де бұл термин әлі түсініксіз. Елімізде, осы патологияға қатысты жұмыстар, алдымен осы ерекше балалар ата-аналарының күшімен бастауын алды. “Жаңбыр” балаларына (ауыр формадағы аутизм дертіне ұшыраған “человек дождя” фильміне байланысты) арналған алғашқы қоғамдық қорлар, емдеу мен түзету мекемелері, балалардың қоғамнан шектетілмей, керісінше қоғам өмір сүруіне бар күштерін салушы осы дерт өмірлерін айналып өтпеген балалардың жақындары. Қазіргі таңда, елімізде 1500-ге жуық аутизм диагнозы қойылған балалар тіркелген. Осындай көлемге қарамастан, көптеген балабақшалар мен мектептер ерекше балаларды қабылдауға әді де дайын емес, дайын болса да толықтай емес. Себебі, аймақтық жерлерде “жаңбыр” балаларын кемшілігі бар балаларға мамандырылған оқу не түзету мекемелеріне жіберуде, олар тіпті есту қабілеті нашар немесе көзінің жаңарынан айырылған балаларға арналған мекемелерде білім алып, емделуде. Бұл аймақтардағы осы мекемелер мемлекеттің қолынан келетіні болып саналады.

Иә, ерекше балаларға қоз жұма қарауды тоқтатуды ертерек қолға алу керек еді, бірнеше ештен кеш жақсы демекші, ең бастысы алдыңғы уақытта бар кемшіліктерді жойып, прогрес қарай жұмыла іс атқару. Осы тұрғыда атқарылатын жұмыстар тізіміне тек арнайы жағдайға қарастырылған мекемелер ашу ғана емес, сонымен қатар қоғамға тағайындалу көрсеткіш қарқынды өсін келе жатқан диагноз туралы барынша көбірек мәліметпен қамтамасыз ету. Аутизм диагнозын қойғанда тек балаға көңіл болу қателік, оның ата-аналарымен де арнайы кездесулер іске асырылуы қажет, себебі ешбір бүлдіршіннің жақындары мұндай өмірлік аутизм дертке дайын емес, бұл көпшілікке қиындықпен қабылданатын диагноз. Көпшілік ата-аналар дәрігердің қорытынды диагнозынан кейін сүйіктілерін өмір бойына мүгедек ретінде қабылдап деп есептеп қалады. Өз ойымша, осындай қорытынды ойға келу - ең үлкен қателік.

Аутизмді барынша ерте емдеуді қолға алғанда, баланың да қоғаммен қатынасы ертерек жолға қойылады. Елімізде “Ашық әлем”, “Бота” қорлары қалыпты түрде тұрғындарға ерекше балалармен танысу жұмыстарын іске асыруда: бұл флешмобтар, автоколлік флешмобтары, концерт көрмелер, пресс-конференциялар, кино көрсетілімдер, теледидарлардағы арнайы бағдарламалардың көрсетілуі, мақалалардың барынша көбірек басылуы. Жоғары деңгейдегі жұмыстар болмаса да, ең бастысы қалыпты түрде орын алды. Өзіңіз ойланып көрінізші, егер бұл де жаңалықтардан апта сайын қалыпты түрде аутизм туралы шараның орын алғанын естісеңіз, бұл - оның жалпы қандай сипатта болатынын біле бастайсыз. Кез-келген қоғамдық орында сөйлеу сипаттарға ұқсас ерекше баланы көргенде, ендігі бұл айқайлап жатқан баланы тәрбиесіз деп

қарсылық
көзін тіке
н түрлері,
алы: кілем
мды ертіп
қорқыныш
сөйлейді,
қақтайды.
Бала өзіне
легені өте
сөздермен
майды.
андаушы
р ұялшақ,
білмейді
ин әлі де
балалардың
ы аутизм
қоғамдық
қоғаммен
балалардың
балалар
р ерекше
аймақтық
не түзету
йырылған
мезетке
еді, бірақ
прогреске
жағдайы
әрсеткіші
асыз ету.
е арнайы
әлік ауыр
та-аналар
е қалады
ы ертерек
а ерекше
тары да,
арнайы
енгейдегі
зші, егер
естісеңіз
ында сол
месіз деп

есептемейсіз, оның өзіне және ата-анасына кемсітіп қарамайтын боласыз. Өз басыма келмеді деп қуанып жүре беру адамдық қасиет емес, ал дұшар болған жандарға өзінің кінәң деп параған мүлдем шектен шыққандық. Иә, кейбір аутист балалар бір мезетте агрессивті болып, балада балаңызға айқайлап қалуы немесе оны сәл түртіп қалуы мүмкін, оған және жақындарына балаңызды үйде қамауда ұстаңыз деп айту өзімшілдіктің ең ашық көрінісі. Баладағы бір баланың сондай ерекше екенін түсінсеңіз, ол бала сіздің қолыңыздағы кеміңізді немесе кез-келген затты айналдырып қойғысы келіп талпынды, неге оны баланың талауы бойынша ұстамасқа?! Ерекше балалар - өмірді түгелімен қабылдайды, олардың бір ғана іске көңіл аударуы қиын. Біз үшін жат нәрсе- олар үшін үйреншікті болуы да мүмкін. Әлем барлығымыз үшін де ортақ, еш кінәсі жоқ, тек сәл ғана ерекше балаға өз негативті эмоцияларыңызды аудару арқылы сіз ештеңеге де қол жеткізбейсіз. Керісінше, жылы қабақ танытсаңыз ол бала да сізге жақындай түседі, себебі аутист балалар өте сезгіш келеді, олар үшін өтірік айту, жалған эмоцияларды көрсету мүлдем жат қылық.

Кез-келген дерт секілді ең бастысы кешіктірмей, барынша ертерек емделуді бастаған дұрыс. Аутизмге ұшыраған адамдардың әрқайсысының белгілері әр түрлі және әр адамға тек өзіне тән ем түрі жүргізілуі керек. Аутизмді емдеу үшін баланың мінезі мен жүріс-тұрысына байланысты терапия қолданылады. Дұрыс таңдалынған терапия баланың қажетті деңгейдегі тәртібі үшін сый береді, осылай бала сыртқы ортамен айналысып, байланысқа түседі. Баланың ерекшелігіне қарай физикалық немесе сойлеу терапиялары қолданылуы мүмкін. Баланың бөлектенуін, мақсатсыз қозғалуын және қорқыныш сезімін жою үшін анималотерапияның арнайы үйретілген иттер, аттар мен дельфиндер көмегі зор. Соңғы зерттеулер дельфинотерапияның бірнеше артықшылықтарын дәлелдеді. Республикада білім беретін әр түрлі арнайы бірлестіктер (реабилитациялық орталықтар, психолого-педагогикалық коррекция кабинеттері, арнайы балабақшалар мен мектептер) болғанымен, аутист балаларға сапалы психологиялық-педагогикалық көмек көрсетілмейді. Осы бірлестіктердің мамандары аутист балалардың ерекшеліктері туралы толық түсінік алмайды, балаларды оқытуда қиындықтар туғызады, аутизмді бар балаларды оқытудан бас тартады. Көптеген ата-аналар аутизмді бар балаларды қалыпты өмірден алшақтатып, үйде оқытуға мәжбүр. Елімізде ақысыз түрде орта білім алу заң негізінде бәріне міндетті, дегенмен де аутист балаларды өз мекемелеріне қабылдауға ұстаздар қауымы асықпайды. Көпшілік аутист балалар үшін арнаулы мектептерде білім алу қажеттілігі де жоқ, оларға тек жалпыға бірдей оқу орындарында өздеріне қажетті кей өзгеріс енгізу қажет. Ұстаздар да, ата-аналар да өзінің сау баласының жанында бір партада аутист баланың отырғанын қаламайды. Біз оларды соға алмаймыз, себебі бұл қауымның осы тұрғыда бар мәліметті білмеуінен сауатсыздылығынан. Жалпыға бірдей оқу орындарында білім алып жатқан аутист балалар бар, олардың сыныптастарының ата-аналарымен алдын-ала кездесулер жүргізілді, көпшіліктің таразына салып қабылдаған шешімінен кейін бала қабылданды. Өзіне жас шамасына сай ортада білім алушы аутист балалар өте зерек, үтқыр келеді. АҚШ-та мектеп жасына жеткен аутист балаларды сау балалармен бірге оқытады, әрине оның өзіндік себебі де бар екенін мойындамасқа болмайды, яғни елдің аутист балалармен танысу біздің қоғамға қарағанда алдақашан басталды. Дегенмен адамдық қасиеттерге қарағанда, нарықтық қатынастар шарықтаған бұл заманда бәріміз де алдыға ұмтылуымыз қажет. Қазақстанда заңға сәйкес аутист балаларға арнайы мамандырылған мекемелер ашу көрсетілген, біздің қоғамның ең үлкен қателігі осы, себебі аутист балаларға көмек көрсетудегі ең негізгісі мен қорытынды жұмысы - балаларды қоғаммен қатынасқа түсіру (интеграция в общество). Яғни, аутист балаларды барлық жағдайы қамтылған арнаулы мекемеде ұстау мақсатсыз іс-әрекет. Аутист бала үйде білім ала алады, егер де ол өз іс-әрекеті мен қимылдарымен басқа балалар қауымында жүре алмаса, ауыр деңгейдегі аутизмге шалдыққан бала арнаулы мамандырылған мекемеде білім алады. Егер де мектеп аутист баланы қабылдаса, ең алдымен 2-4 ай мерзім аралығында баланы осы ортаға үйрену процесі жүреді.

Мектептерде аутист баларға арналған екі түрлі сыныптар ашуға болады:

1. Басқа балалармен қатар оқу процесі жүргізілетін сыныптар (аутист бала саны 2-көп емес);

2. Арнайы сыныптар: аутист балалар саны 6-дан жоғары емес.

АҚШ секілді Батыс Елдері де аутисттерді ауру балалар емес, керісінше ерекше қабілеті бар балалар деп қабылдайды. Олардың мемлекеттері үшін бұл балалар мемлекет бюджетін бос қартушылар ретінде есептелмеді. Мемлекет басшылары үшін аутист балаларға өмір бойы көмек ақша (пособие) берудің орнына, жас кезінде бар жағдайды қамтамасыз ету маңызды. Өзіңіз ойланып көріңіз, балаға сәби кезінен ем жүргізіліп, қажетті жағдай жасалса - ортада жазылып, қоғамға тең, әрі арнайы маман иесі болып шыға алатын пайдалы адам болып өсу үлесі жоғары [4].

Біздің қоғаммен де аутист балалардың ауру ретінде емес, ерекше балалар ретінде қабылдануы қажет, сонда ғана бейкүнә туылған балаларға деген негативті көзқарас жойылады.

Әдебиеттер тізімі

1. Никольская О.С., Баенская Е.Р., Либлинг М.М., Костин И.А., Веденина М.Ю., Аршатская А.В., Аршатская О.С. Дети и подростки с аутизмом.-М., 2008.
2. Янушко Е.А. Игры с аутичным ребенком. Установление контакта, способы взаимодействия, развитие речи, психотерапия. - М., 2010.
3. Грендин Т. Взгляд на аутизм изнутри http://royallib.com/read/grendin_tpl/vzglyad_na_autizm_iznutri.html#0
4. Ерсарина А.К. Как помочь аутичному ребенку учиться в школе: Практическое пособие для учителей школ. - Алматы. 2011.

*Әл-Фараби атындағы Қазақ философия және саясаттану факультетінің әлеуметтану және әлеуметтік жұмыстар кафедрасының студенті Жолдасханова М.Д.
Ғылыми жетекші: социология ғылымдарының докторы, профессор Абдирайымова Г.С.*

ӘЛЕУМЕТТІК ЖҰМЫСТАҒЫ ИЗОТЕРАПИЯ ТЕХНОЛОГИЯСЫНЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ ЗЕРТТЕЛУ ДЕҢГЕЙІ

Қоғамдық өмірдің гуманизация процесі мүгедектердің әлеуметтік интеграциясы мен реабилитациясы мен бейімделу жолын табу мақсатында, олардың дені сау адамдармен еркін тұруын қамтамасыз ету сияқты міндеттердің шешімін қарастыруды талап етеді. Қазіргі нарықтық қатынастар орнаған кезде қоғамдағы мүмкіндігі шектеулі жандарға көмек көрсету негізгі мақсатқа алынуы тиіс. Себебі, олар көмекке зәру жандар. Біз қоғам болып, ел болып олардың әлеуметтік интеграциялануына ат салысуымыз қажет. Жалпы әлемде 1 миллиард астам мүмкіндігі шектеулі жандар бар [1]. Мүгедек әлеуметтік жұмыстың объектісі ғана емес, қоғамдық өмірдің белсенді субъектісі және өз тағдырын жасаушы. Осы тұрғыда мүгедек балаларды оңалту мен бейімдеу мақсатында әртүрлі технологиялар қарастырылып отыр. Сондай технологиялардың бірі – изотерапия.

Изотерапия – өнерді адамның тұлғалық, интеллектуалды және эмоционалды дамуына жағымды өзгерістер алу үшін қолданылатын психологиялық жұмыс әдістерінің бірі. Қазіргі кезде жаңа тәжірибелердің бірі болып саналса да, бейнелеу өнері ең алғашқы идеялар мен ойларды білдіретін орта ретінде қолданылды.